

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
30.03.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 30.03.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің хатшысы депутат Мыңбай Дархан Қамзабекұлына беріледі.

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Заң жобасы 2021 жылғы 8 желтоқсанда Мәжілістің жалпы отырысында бірінші оқылымда мақұлданды.

Заң жобасымен жұмыс істеу барысында депутаттар заң жобасының мазмұнын жақсартатын түзетулер енгізді. Оның ішінде:

биологиялық қауіпсіздік саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды, олардың құзыреттері мен өкілеттіктерін нақтылау бойынша түзетулер қабылданды;

биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау тетіктерін жетілдіру мақсатында заң жобасы жедел ден қою шараларын қолдану тәртібін реттейтін жаңа баппен толықтырылды;

ақпарат алмасу бөлігінде биологиялық қауіпсіздік саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың басымдықтары мен бағыттары, оларды оқшаулау мен жоюға қатысу жүзеге асырылатын төтенше жағдайлардың түрлері нақтыланды;

патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат беру, биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу және мониторинг тетіктері нақтыланды;

биологиялық қатердің туындау және оларды жою жағдайларында қолдануға арналған дәрілік заттарды, препараттар мен медициналық бұйымдарды жедел мемлекеттік тіркеу мүмкіндігі көзделген;

патогенді биологиялық агенттерді жіктеу критерийлері нақтыланды;

адамдардың, жануарлар мен өсімдіктердің ауру жағдайларын биологиялық қатерлерге жатқызу мәселелерін реттейтін нормалар

пысықталды. Атап айтқанда, адамдардың, жануарлар мен өсімдіктердің ауруы бойынша нақты қандай статистикалық және есептік деректердің артуы елдің биологиялық қауіпсіздігіне қауіп төндіретіні нақтыланды.

Сондай-ақ заң жобасының нормаларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында түрлі түзетулер, редакциялық сипаттағы түзетулер енгізілді.

Заң жобасы он төрт заңнамалық актіге, оның ішінде үш кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізуге мүмкіндік берді.

Жұмыс тобының жиырма отырысы, сондай-ақ бас комитеттің екі кеңейтілген отырысы өткізілді. Салыстырмалы кесте қабылданған 307 позициядан тұрады.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша он қорытындыларын берді.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда мақұлдауды және Парламент Сенатының қарауына жіберуді сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дархан Қамзабекұлы.

Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасын екінші оқылымда мақұлдап, Парламент Сенатының қарауына жіберу туралы ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс! Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Майжанбаев.*